

ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ
ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2026

855,6
МЛРД ТГ




120,7%
ИФО

$1 119,8
МЛН




ЭКСПОРТ



РЫНОК

$2 484,8
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-май 2026 г.





ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД. ТЕНГЕ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г.Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz

2026 жылғы қаңтар–маусымдағы химия өнеркәсібі

ҚР СЖРА ҰСБ-ның жедел деректеріне сәйкес, **2026 жылғы қаңтар–маусымда өндіріс көлемі** ақшалай мәнде **855,6 млрд теңгені** құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткішпен салыстырғанда **7,7%-ға жоғары**.

Химия өнімдері өндірісінде негізгі үлесті өзге де бейорганикалық заттар – 43,5%, тыңайтқыштар мен құрамында азот бар заттар – 18,2%, бастапқы нысандағы пластмассалар – 8,6%, бояғыштар мен пигменттер – 7,3%, өзге де химиялық өнімдер – 6,9%, пестицидтер және өзге де агрохимиялық өнімдер – 3,7%, өзге де негізгі органикалық химиялық заттар – 3,5%, өнеркәсіптік газдар – 3,2%, лак-бояу материалдары – 3,1%, сабын және

жуу, тазалау және жылтырату құралдары – 1,3% құрайды.

Нақты көлем индексі **120,7%** болды. Өсімнің негізгі себебі өндіріс көлемінің ұлғаюымен байланысты *(сабын және жуу құралдары, өзге де органикалық химиялық заттар, пестицидтер мен агрохимиялық заттар, тыңайтқыштар, парфюмерия және косметика және т.б.).* **Өндіріс көлемінің заттай мәндегі ең жоғары өсімі** мына тауарлар бойынша байқалады: гипохлориттер *(+3,3 есе)*, жуу құралдары *(+7,3%)*, аммиак *(+5,6%)*, цементтерге, құрылыс ерітінділеріне немесе бетондарға арналған қоспалар *(+6,1%)*.

Химия өнімдерінің экспорты ақшалай мәнде **2026 жылғы қаңтар–маусымда 1 119,8 млн АҚШ долларын** құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 18,7%-ға жоғары. Экспорттың негізгі елдері: **Ресей** *(24,2%)*, **Қытай** *(16,7%)*, **Бразилия** *(6,8%)*.

Химия өнеркәсібі өнімдерінің импорты 2026 жылғы қаңтар–маусымда 2 484,8 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 16,6%-ға жоғары. Импорттың негізгі елдері: **Ресей** *(41,9%)*, **Қытай** *(20,1%)*, **Франция** *(5,2%)*.

Химия өнімдері нарығының көлемі 2026 жылғы қаңтар–маусымда 2 707,9 млн АҚШ долларын *(1 316,6 млрд теңге)* құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,1%-ға жоғары. Өндіріс көлемінің ұлғаюына *(+10,0%)* қарамастан, нарықтың өсуіне импорттың *(+16,6%)* және экспорттың *(+18,8%)* елеулі артуы әсер етті. Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде ұлттық валюта бағамының нығаюын *(+4,8%)* атап өткен жөн.

Отандық тауар өндірушілердің үлесі 3,5 пайыздық тармаққа төмендеп, **8,2%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі 91,8% болды.

2026 жылғы қаңтар–маусымда химия өнімдері өндірісінің ең жоғары көлемі мына **облыстарда** байқалды: Жамбыл облысында *(46,7%)*, Қарағанды облысында *(40,9%)*, Қызылорда облысында *(35,9%)*.